

Экономика секторларының кодтарын қолдану мен төлемдер тағайындау және соларға сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 15 қараша N 388. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 27 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1011. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 203 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының банк жүйесін дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **қаулы етеді:**

1. Қоса беріліп отырған Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну **қағидалары** **бекітілсін.**

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен бірлесіп (Шеріпов С.Б.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу **шараларын қабылдастын;**

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына жіберіп, оларға осы қаулыны екінші деңгейдегі банктерге жіберуді міндеттесін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006.08.12 N 81 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен**

3. Ақпарат технологиясы департаменті (Поликарпов О.Ю.):

1) "Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикада мемлекеттік кәсіпорынмен (Абдулкаримов С.Х.)

бірлесіп тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді өзірлесін және оны 2000 жылдың 1 шілдесінен бастап өнеркәсіптік пайдалануға енгізетін болсын.

2) Бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасымен (Фалиева Д.Т.) бірлесіп Қазақстан республикасы Ұлттық Банкінің 2000 жылға арналған шығыс сметасынан тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді өзірлеуге қаражат  
қарастыратын болжасын.

Ескерту. З-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының  
**2000.05.16 N 195 Қаулысымен.**

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

**Ұлттық Банк**

<i>Төрағасы</i>		
Қазақстан		Республикасының
Ұлттық	Банкі	Басқармасының
1999	жылғы	15
N 388 қаулысымен бекітілген		қарашадағы

### **Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидалары**

Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## **1. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тaraу жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзірленді және ақша жіберуші мен бенефициардың қодтарын, төлемдер белгілеу кодтарын қою міндептілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген, Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын төлем құжаттарына және басқа құжаттарға (бұдан әрі – төлем құжаттары) экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қою тәртібін және Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарына сәйкес төлемдер бойынша мәліметтерді (бұдан әрі – Мәліметтер) ұсыну тәртібін, нысанын және мерзімдерін белгіледі.

2. Төлемдердің кодын қою төлемдер бойынша берілген мәліметтер негізінде төлемдердің айқындылығын қамтамасыз ету, көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру және Қазақстан Республикасындағы ақша ағынын талдау үшін пайдаланылады.

3. Осы Қағидаларда қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) валюта және бағалы металдар коды – Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының және шет мемлекеттер валютасының, сондай-ақ бағалы металдардың шартты, қысқартылған белгісі (бұдан әрі – валюта коды);

2) төлем белгілеу коды – төлем белгілеудің шартты, қысқартылған цифрлық белгісі;

3) төлемдердің электрондық жүйесі – электрондық байланыс құралдары арқылы белгіленген электрондық форматта есеп айрысу, мәмілелер жасау, ақша аудару және ақпарат беру жүйесі;

4) төлем жүйесі – төлем жүйелерінің қатысушылары арасында ақша аударымы мен төлемін жүргізуі қамтамасыз ететін рәсімдер, технологиялар, инфрақұрылымдар, қағидалар мен стандарттар жиынтығы;

5) халықаралық төлемдер – елдер, түрлі елдер аумағында орналасқан қаржы институттары, ұйымдар және азаматтар арасындағы өзара төлемдер мен есеп айрысула.

4. Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қою тәртібі төлемдердің электрондық жүйесінде, сол сияқты ішкі банктік және халықаралық төлемдерді қоса алғанда, банктің тікелей корреспонденттік шоттар бойынша операциялары үшін де қолданылады.

## 2. Төлемдердің кодын қою

**Ескеरту.** 2-тaraудың тақырыбы жана редакцияда - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 267 (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Төлемдердің кодын қою цифрлық және әріптік символдар жүйесінің көмегі арқылы жүзеге асырылады. Бұл жүйе төлем құжатының қосымша деректемелерінен және төлем белгілеу кодынан қалыптастырылады. Төлемдердің кодын қою жүйесі мынадай:

I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X,
<span style="float: right;">мұндағы:</span>									

I - ақша жіберушінің резиденттік белгісі,  
II - ақша жіберушінің экономика секторы,  
III - бенефициардың резиденттік белгісі,  
IV - бенефициардың экономика секторы,  
V VI VII - валюта және қымбат металлдар коды,  
VIII - операцияның түрі,  
IX - төлем сипаты,  
X - төлемді толық көрсету.

Сондай-ақ төлем белгілеу коды бар, төлем сипатының атауы болмайтын "Зейнетакы төлемдері және жәрдемақылары" деп аталатын 0 бөлім бұған кірмейді

**Ескерту.** 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.10.30 N 405 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. I және II символдары төлем құжаттарында код - ақша жіберушінің коды  
қойылған жерге жасалады.

7. III және IV символдары төлем құжаттарында КБе - бенефициардың коды  
қойылған жерге жасалады.

8. Валюта және қымбат металлдар коды (V VI VII символдары) - ҚР МЖ 07 ИСО 4217 - 2001 "Валюта мен қорларды белгілеу үшін кодтар" - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушілеріне сәйкес белгіленеді.

**Ескерту:** 8-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.10.30 N 405 қаулысымен, 2002.02.16 N 49 қаулысымен.

9. VIII, IX, X символдарды төлем белгілеу коды жасалады.

**Ескерту:** 9-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.10.30 N 405 қаулысымен.

10. Резиденттік белгі Қазақстан Республикасының валюта заңдарына сәйкес  
белгіленеді және мынадай тәртіппен қойылады:

" 1 " - р е з и д е н т  
" 2 " - р е з и д е н т е м е с

11. Экономика секторы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес экономика  
секторының кодына сәйкес қойылады.

**Ескерту.** 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Төлемді белгілеу коды Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген Төлем  
белгілеу кодтарының жан-жақты кестесіне сәйкес қойылады.

**Ескерту.** 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

31.12.2015 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### **3. Төлем құжаттарын толтыру тәртібі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Электрондық форматта және қағаз тасымалдауышта қалыптастырылған төлем құжаттарында ақша жіберушінің/бенефициардың резиденттік белгісі, экономика секторларының кодтары, төлем белгілеу коды, валюта коды арнайы бөлінген жерге қойылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Ақша жіберуші төлем құжатының «Төлемді белгілеу» бағанында орындалатын міндеттемені көрсете отырып нақты операциясының мазмұнын, сондай-ақ негізінде ақша аударымы және/немесе төлем жүзеге асырылатын құжаттардың деректемелерін (оның ішінде нөмірі, күні, тегі және инициалдары) көрсетеді.

Бағалы қағаздармен операциялар жүргізу кезінде сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылған валюта көрсетіледі, егер оның төлем валютасынан айырмашылығы болса.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

15. Алып тасталды

- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 12 ақпандағы N 18 қаулысымен.

16. Төлем құжатына ақша жіберушінің коды қате қойылған жағдайда, ақша жіберушінің банкі төлем құжатын акцептеуден бас тартады.

Банк және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйым төлем бастамашысынан нұсқау қабылдаған кезде төлем белгілеудің цифрлық белгіленуі оның мәтіндік бөлігімен сәйкес келмеген жағдайда, төлем құжатын акцептеуден бас тартады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

17. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18. Төлем құжаттарында төлем белгілеу кодын біреуден артық қоюға болмайды.

Бірнеше төлем белгіленген операцияларды жүзеге асырған кезде төлем құжатына негізгі төлемді белгілейтін код қойылады.

**Ескерту. 18-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.10.30 N 405 қаулысымен.**

18-1. Егер операция түрінің тақырыбы немесе төлем сипаты болып саналатын төлем белгілеу коды егжей-тегжейлі көрсетілсе, онда қоюға болмайды.

**Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.10.30 N 405 қаулысымен.**

18-2. Мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық), екінші деңгейдегі банктар және «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – банктар), «Қазпочта» акционерлік қоғамы, бас банктің төлемдер мен ақша аударымдарын, оның ішінде еншілес банктің корреспонденттік шотын пайдалана отырып депозиторлардың бас банкке «Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген банк шоттары бойынша жүзеге асыруымен байланысты аударым операцияларын Ұлттық Банктің лицензиясынсыз жүзеге асыратын, бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (бұдан әрі – бұрын еншілес банк болған заңды тұлға) ұсынады және Ұлттық Банк Қағидаларға З-қосымшада белгіленген, әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға сәйкес қалыптастырады.

Бенефициар банк Мәліметтерде бенефициар кодының және шет елден түсken төлемдер бойынша төлем мақсаты кодының дұрыстығын тексереді.

Банктар, «Қазпочта» акционерлік қоғамы және бұрын еншілес банк болған заңды тұлға Мәліметтердің дәйектілігін растау үшін Ұлттық Банкке оның сұратуы бойынша жүргізілетін төлемдер бойынша ақпаратты, оның ішінде төлем құжаттарының көшірмелерін ұсынады.

**Ескерту. 18-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық банкі басқармасының 2002.02.16 N 49; жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.05.2015 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

19. Мәліметтер Орталық белгілеген хабарлама форматына сәйкес электрондық түрде Ұлттық Банкке беріледі.

**Ескерту. 19-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының**

2010.09.27 № 78 (2011.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

20. Мәліметтерді:

1) Орталық – есепті айдан кейінгі айдың жетінші (қоса алғанда) күнінен кешіктіремей;

2) осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, банктер, «Қазпочта» акционерлік қоғамы, бұрын еншілес банк болған заңды тұлға – есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктіремей ұсынады және Ұлттық Банк қалыптастырады;

3) бас банк және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы заң) сәйкес қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк, қосылатын банк, сондай-ақ Банктер туралы заңға сәйкес қосылу жүзеге асырылатын банк – есепті айдан кейінгі айдың жиырма бірінші (қоса алғанда) күнінен кешіктіремей ұсынады.

Егер Мәліметтерді ұсыну мерзімі жұмыс емес күніне сәйкес келсе, одан кейінгі жұмыс күні Мәліметтерді ұсыну күні болып саналады.

Ескерту. 20-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.09.27 № 78 (2011.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

21. Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген ұйымдар:

1) есепті айда Мәліметтерде көрсетілетін төлемдер және ақша аударымдар болмаған кезде бұл туралы Ұлттық Банкке есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктіремей хабарлайды;

2) бұрын ұсынылған Мәліметтерден қателер анықталған жағдайда қателерді түзетеді және дәйекті Мәліметтерді Ұлттық Банкке Мәліметтерді ұсыну үшін Қағидалардың 20-тармғында белгіленген мерзімдер аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде ұсынады.

Ескерту. Қағида 21-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұлттық

Банк

Төрағасы

Экономика	секторларының	және		
төлемдер	белгілеу	кодтарын	қолдану	
және	төлемдер	бойынша	оларға	сәйкес
мәліметтер	ұсыну	қағидаларына		
1-қосымша				

Ескеरту. 1-қосымша жаңа редакцияда, өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.10.30 N 405, 2004.02.12 N 18, 2006.08.12 N 81 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.09.27 № 78 (2011.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.08.24 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.02.2015 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

## ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫНЫҢ КОДТАРЫ

1	Орталық Үкімет
2	Аймақтық және жергілікті басқа органдары
3	Орталық ұлттық банктер
4	Басқа депозиттік ұйымдар
5	Басқа қаржылық ұйымдар
6	Мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар
7	Мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар
8	Үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар
9	Үй шаруашылығы

### Ескерутү:

Секторлар бойынша экономикалық қызметті бөлу өндірістік немесе тұтыну аясының қарапайым бірліктерін білдіретін мекемелік бірліктерді атап көрсету арқылы жүзеге асады және олар экономикалық шешімдерді (өндіріс және тұтыну мәселелері бойынша) дербес қабылдайды және қаржы есепшоттарының қажетті жиынтығын жүргізумен ерекшеленеді. Әрбір жеке мекемелік бірліктің өзінің негізгі қызмет түріне сәйкес тұтастай бір экономика секторына қатысы бар. Жіктеу принциптері экономиканың қызметтің негізгі түріне сәйкес секторлар бойынша топтастырылатын айқын көрсетілетін мекемелік бірліктерден тұратынын негізге алады.

Сектор қызметтің негізгі бір түрімен айналысатын мекемелік бірліктер біріктілген экономика секторының негізгі бөлімшесі болып табылады. Әрбір сектор экономиканың талдауға бейім маңызды бөлігі болып есептеледі және оның басқа секторлардан ерекшеленетін экономикалық сипаттамалары бар.

Мекемелік бірлік активтерге ие болатын, өзіне міндеттемелер қабылдайтын және басқа экономикалық секторлармен шаруашылық қызметпен және операциялармен айналысатын экономикалық бірлікті білдіреді.

Қағидаларда экономиканың мынадай секторлары қолданылады: мемлекеттік басқару органдары; қаржылық ұйымдар; қаржылық емес ұйымдар; үй

шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес үйымдар; үй шаруашылығы.

**Мемлекеттік басқару органдары**

"1" Орталық Үкімет;

"2" Аймақтық және жергілікті басқару органдары;

**Қаржылық үйымдар**

"3" Орталық (ұлттық) банктер;

"4" Басқа депозиттік үйымдар;

"5" Басқа қаржылық үйымдар;

**Қаржылық емес үйымдар**

"6" Мемлекеттік қаржылық емес үйымдар;

"7" Мемлекеттік емес қаржылық емес үйымдар;

**Үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес үйымдар**

"8" Үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес үйымдар;

**Үй шаруашылығы**

"9" Үй шаруашылығы .

"Мемлекеттік басқару органдары" секторы - ел аумағында орналасқан басқа мекемелік бірліктерге қолданылатын зан, сот немесе атқарушы билікке ие мекемелік бірліктер. Мемлекеттік басқару органдарының негізгі қызметіне мыналар жатады: тұастай алғанда қоғамды және жеке үй шаруашылығын тауарлармен және қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге жауапкершілік: салық салу арқылы немесе басқа кірістер есебінен осыған қажетті қаржы қаражатын жинақтау; трансфертер арқылы кіріс пен байлықты қайта бөлу және рыноктық емес өндірісті жүзеге асыру. Осы секторға орталық үкімет ("1" коды), аймақтық және жергілікті басқару органдары ("2" коды) кіреді.

"1" коды республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын министрліктер, ведомстволар мен агенттіктер, ғылыми-зерттеу институттары, мекемелік бірліктер - Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенттері, мемлекеттік басқару органдары бақылау жасайтын және республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын қорлар, сондай-ақ мемлекеттің бақылаудағы, мемлекеттік органдарға тән міндет атқаратын және рыноктық өндіріспен айналыспайтын басқа үйымдарды білдіреді;

"2" коды облыс, қала және аудан деңгейінде басқару қызметін жүзеге асыратын мекемелік бірліктерді және аймақтық (жергілікті) бюджет қаражатынан қаржыландырылатын үйымдарды білдіреді.

"Қаржылық үйымдар" секторы - негізгі қызметі қаржылық делдалдық немесе қаржылық делдалдықпен тығыз байланысты қосалқы қаржылық қызмет болып табылатын мекемелік бірліктер. Осы секторға орталық (ұлттық) банктер ("3" коды), басқа депозиттік үйымдар ("4" коды) және басқа қаржылық үйымдар ("5" коды ) кіреді .

«3» коды қаржы жүйесінің негізгі аспектілеріне бақылау жасайтын және ұлттық валютаның эмиссиясы, халықаралық резервтерді басқару сияқты қызмет жүргізетін мекемелік бірлікті білдіреді. Қаржылық қызметпен айналысатын халықаралық ұйымдар «Орталық (ұлттық) банктер» экономика секторына есепке алынады. Барлық басқа халықаралық ұйымдар «Орталық Ұкімет» деген экономика секторына есепке алынады.

"4" коды негізгі қызмет түрі қаржылық делдалдық болып табылатын және міндеттемелері депозиттердің немесе сол сияқтылардың (қолданыстағы ақшаның ұлттық сипаттауына кіретін депозиттердің жақын алмастырушылары) нысаны бар мекемелік бірліктерді білдіреді. Осы топқа банктер жатады.

"5" коды түрлі делдалдық не қосалқы қаржылық қызмет көрсететін немесе қызметі қаржылық делдалдықпен тығыз байланысты болатын, бірақ өздері делдалдардың қызметін атқармайтын осы сектордың қалған барлық мекемелік бірліктерін білдіреді. Осы топқа кредиттік серіктестіктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, жинақтаушы зейнетакы қорлары, ломбардтар, айырбастау пункттері, ипотекалық компаниялар, брокерлік және дилерлік компаниялар, арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдар, инвестициялық қорлар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдар жатады.

"Қаржылық емес сектор" - негізгі қызмет түрі көбінесе рыноктық тауарлардың және қаржылық емес қызметтің өндірісі болып табылатын мекемелік бірліктер. Осы секторға мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар ("6" коды) және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар ("7" коды) жатады.

"6" коды көбінесе рыноктық өндіріспен айналысатын және мемлекеттік басқару органдары бақылау жасайтын мекемелік бірліктерді білдіреді.

"7" коды көбінесе рыноктық өндіріспен айналысатын және мемлекеттік басқару органдары бақылау жасамайтын мекемелік бірліктерді білдіреді.

Бұдан басқа осы топқа қызметі негізгі қызметінен кіріс табуды көзdemейтін, қосалқы болып табылатын және негізгі корпорацияның қызмет көрсетуімен қатаң шектелген, екінші кезектегі (қосалқы ұйымдар) болып табылатын мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың өкілдіктері мен филиалдары жарады.

"Үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар" секторы ("8" коды) - тауар шығаратын немесе қызмет көрсететін, бірақ осындай ұйымдарға бақылау жасайтын мекемелік бірліктерге кіріс немесе өзге қаржылық үлес түсірмейтін мекемелік бірліктер - және оларға мынадай мекемелік бірліктер жарады:

1) осындай ассоциациялардың мүшелерін тауарлармен немесе қызмет көрсетумен қамтамасыз ету үшін тұлғалардың ассоциациялары құратын

бірліктер. Бұндай қызмет әдеттегідей тегін көрсетіледі немесе жүйелі мүшелік жарналардың есебінен қаржыландырылады. Оларға саяси партиялар, кәсіподактар, мешіттер, шіркеулер (храмдар) және діни қоғамдар, қоғамдық, мәдени, ойын-сауық және спорттық клубтар және басқалары жатқызылады.

2) негізгі қызмет түрі қайырымдылық көмек көрсету болып табылатын бірліктер. Оларға қоғам мүшелерінің мұдделеріне қызмет көрсету үшін қайырымдылық мақсатында құрылатын, зардал шеккендерге немесе мұқтаж адамдарға көмек көрсету жөніндегі қайырымдылық ұйымдар мен агенттіктер жатады. Осындай үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар рыноктық емес негізде өздеріне мұқтаж үй шаруашылықтарына тауарлар беру немесе қызмет көрсетумен айналысады. Үй шаруашылығына қызмет ететін осындай коммерциялық емес ұйымдардың қаражаты жүртшылықтан, мемлекеттік басқару органдарынан және резидент еместердің трансфертерінен түсетін ақшалай немесе заттай нысандағы қайырмалдық есебінен құралады (Мысалы, Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі қоғамдық көр, "Бөбек" балалар қоры).

«Үй шаруашылығы» секторы («9» коды) жеке тұлғалардан, сондай-ақ бірге тұратын, өздерінің кірісі мен мүлкін (түгелдей немесе ішінара) біріктіретін және тауарлар мен қызметтің (тұрғын үйді, тамақ өнімдерін және басқасын) белгілі бір тұрлерін бірге пайдаланатын жеке тұлғалардың (отбасылардың) шағын топтарынан құралатын мекемелік бірліктерді білдіреді. Осы топқа заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар кіреді.

Қазақстанның резидент еместерінің экономика секторларын анықтаған кезде мынадай секторларды атап көрсету маңызды болып табылады:

" 1 "	Орталық Ұкімет;
" 3 "	Орталық (ұлттық) банктер;
" 4 "	Басқа депозиттік ұйымдар;
" 9 "	Үй шаруашылығы .

Басқа ұйымдарды (басқа қаржылық ұйымдарды; мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдарды; үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдарды), сондай-ақ аталған ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерін, егер экономика секторын ұйымның атауы бойынша осындай анықтау мүмкін болмаса, «7» секторының кодын белгілей отырып, экономиканың бір секторына – мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар жатқызады .

Бұндай келісім халықаралық шарттың мәртебесіне ие. Халықаралық ұйымдар құрудың мақсаты осы ұйымдар мүшелерінің ұжымдық пайдалануы үшін рыноктық емес қызмет көрсету және/немесе қаржылық делдалдықты жүзеге асыру немесе түрлі елдердің кредиторлары мен заемшылары арасында қаржылық

ресурстарды қайта бөлу болып табылады. Халықаралық ұйымдарға белгілі бір артықшылықтар мен женілдіктер бекітіледі; бұндай ұйымдарға өздері аумағында орналасқан елдердің зандары мен нормалары қолданылмайды. Осыған орай, осындай мекемелер, өздері аумағында орналасқан немесе олардың қызметі қолданылатын елді қоса есептегенде, қандай болса да елдің резиденттері болып саналмайды.

Экономика                    секторларының                    кодтарын  
 қолдану                    мен                    төлемдер                    тағайындау  
 және                    соларға                    сәйкес                    төлемдер                    бойынша  
 мәліметтер                    үсіну                    қағидаларына  
 2-қосымша

## Төлем белгілеу кодтарының жан-жақты кестесі

**Ескеरту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Төлем белгілеу кодтары	Операциялардың атауы
0-бөлім «Зейнетакы төлемдері және жәрдемақылар»	
002	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының, ерікті жинақтаушы зейне қорының зейнетакы активтерінің сомасынан, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының оның активтері сомасынан түскен комиссиялық сыйақы
003	Инвестициялық шотка аударым
004	Зейнетакы төлемдері шотына аударым
005	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының міндетті кәсіптік зейне жарналары бойынша қате есепке алынған өсімпұл сомаларын қайтаруы
006	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының зейнетакы активтерінің сенімгерлікпен басқарушиның комиссиялық сыйақысы
007	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының, ерікті жинақтаушы зейне қорының инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақысы
008	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының міндетті кәсіптік зейне жарналары бойынша қате есепке алынған сомаларды қайтаруы
009	Міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарының уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұл
010	Міндетті зейнетакы жарналары
011	014 төлем белгілеу коды бойынша зейнетакы төлемдерін қоспағанда, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамынан немесе ерікті жинақтаушы зейнетакы қорынан зейнен төлемдері
012	Міндетті әлеуметтік аударымдар
013	Ерікті зейнетакы жарналары
014	<b>01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 260 қаулысымен.</b>
015	Міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары



035	Мүгедектігі бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды қайтару
036	Асыраушысынан айрылған жағдай бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар
037	Асыраушысынан айрылған жағдай бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды қайтару
038	Жасына байланысты мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар
039	Жасына байланысты мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды қайтару
040	Зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысына қатысушыларды және мүгедектерді, бірыңгай жинақта зейнетакы қорынан міндettі зейнетакы жарналары есебінен қалыптастырылған төлемд алушыларды, сондай-ақ бірыңгай жинақтаушы зейнетакы қорында міндettі зейнетакы жарна есебінен қалыптастырылған зейнетакы төлемдерді бар өзге тұлғаларды жерлеуге арна жәрдемақылар
041	Зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысына қатысушыларды және мүгедектерді, бірыңгай жинақта зейнетакы қорынан міндettі зейнетакы жарналары есебінен қалыптастырылған төлемд алушыларды, сондай-ақ бірыңгай жинақтаушы зейнетакы қорында міндettі зейнетакы жарна есебінен қалыптастырылған зейнетакы төлемдерді бар өзге тұлғаларды жерлеуге арна жәрдемақыларды қайтару
042	Жер асты және ашық тау-кен жұмысында, аса зиянды жұмыста және өте ауыр жұмыс жағдайлар жұмыс істеген, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнайы жәрдемақ алушыларды жерлеуге арналған жәрдемақылар
043	Жер асты және ашық тау-кен жұмысында, аса зиянды жұмыста және өте ауыр жұмыс жағдайлар жұмыс істеген, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнайы жәрдемақ алушыларды жерлеуге арналған жәрдемақыларды қайтару
044	Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар төлеу
045	Мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды қайтару
046	Асыраушысынан айрылған жағдайда «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акцион қоғамының қаражатынан төленетін әлеуметтік төлемдер
047	Асыраушысынан айрылған жағдайға арналған әлеуметтік төлемдер сомаларын қайтару
048	Жұмысын жоғалтқан жағдайда «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғам қаражатынан төленетін әлеуметтік төлемдер
049	Жұмысын жоғалтқан жағдайға арналған әлеуметтік төлемдер сомаларын қайтару
	050-топ «Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар»
051	Ұлы Отан соғысының қатысушыларына
052	Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне
053	Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға
054	Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға
055	Ұлы Отан соғысында қайтыс болған әскерлердің жесірлеріне
056	Қайтыс болған әскери қызметшілер мен ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына
057	Қайтыс болған соғыс мүгедектері мен соғысқа қатысушылардың әйелдеріне (ерлеріне)
058	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қайсар енбегі мен мінсіз қызметі үшін ордендермен медальдармен марапатталған тұлғаларға
059	Анасына немесе әкесіне, асырап алушыға, мүгедек баланы тәрбиелейтін қорғанышыға (камкор) жәрдемақылар
	060-топ «Арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды қайтару»
061	Ұлы Отан соғысының қатысушылары бойынша
062	Ұлы Отан соғысының мүгедектері бойынша
063	Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғалар бойынша

064	Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар бойынша
065	Ұлы Отан соғысында қайтыс болғандардың жесірлері бойынша
066	Қайтыс болған әскери қызметшілердің және ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасы бойынша
067	Қайтыс болған соғыс мүгедектері мен соғысқа қатысуышылардың әйелдері (ерлері) бойынша
068	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қайсар енбегі мен мінсіз қызметі үшін ордендермен медальдармен марапатталған тұлғалар бойынша
069	Анасына немесе әкесіне, баланы (қызды) асырап алушыға, мүгедек баланы тәрбиелейтін қорғані камқоршыға) жәрдемақыны қайтару
	070-топ «Азаматтардың басқа санаттарына төленетін арнайы мемлекеттік жәрдемақылар»
071	1 және 2-топтағы мүгедектерге
072	3- топтағы мүгедектерге
073	16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға
074	Көп балалы аналарға
075	Ақталған азаматтарға
076	Қазақстан Республикасының алдында ерекше енбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға
077	Басқалары
078	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының, ерікті жинақтаушы зейне корларының ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары аударым сомаларын қайтаруы
	080-топ «Азаматтардың басқа санаттарына арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды қайтару»
081	1 және 2-топтағы мүгедектер бойынша
082	3-топтағы мүгедектер бойынша
083	16 жасқа дейінгі мүгедек балалар бойынша
084	Көп балалы аналар бойынша
085	Ақталған азаматтар бойынша
086	Қазақстан Республикасының алдында ерекше енбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғ бойынша
087	Басқалар бойынша
088	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақтары бойынша кредиторлық берегеттеу
089	01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № қаулысымен.
090	01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № қаулысымен.
091	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының қаражатынан баланың бір : дейінгі күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемакы, баланың бір жасқа толғанға дейінгі күті байланысты әлеуметтік төлемдер
092	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының қаражатынан баланың бір : дейінгі күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақыны, баланың бір жасқа толғанға дейінгі күті байланысты әлеуметтік төлемдерді қайтару
093	01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № қаулысымен.
094	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының міндетті әлеуме аударымдарды уақытылы аудармағаны үшін қате есептелген өсімпұл сомаларын қайтаруы

095	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының міндетті зейнетакы жарнал уақытылы аудармағаны үшін қате есептелген өсімпұл сомаларын қайтаруы
096	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы қаражатынан жүктілігі және бо бойынша әлеуметтік төлем
097	Банктердің «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы қаражатынан жүк және босануы бойынша әлеуметтік төлемді қайтаруы
098	01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № каулысымен.
099	01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № каулысымен.

1-бөлім «Арнайы аударымдар»

	110-топ «Өтеусіз аударымдар»
111	<p>Емделуге арналған аударымдар,</p> <p>оның ішінде:</p> <p>емделуге ақы төлеу үшін қайтарымсыз қаржылық/ материалдық/ демеушілік көмек</p> <p>бенефициар медициналық қызметтерді жеткізуши болып табылмаған жағдайда, бенефициа</p> <p>емдеуге ақы төлеуге арналған ақшаны одан әрі пайдалануы үшін жеке тұлғалардың аударымдары (оның ішінде банк шотын ашпай)</p>
112	<p>Білім беруге арналған аударымдар,</p> <p>оның ішінде:</p> <p>оқытуға ақы төлеу үшін қайтарымсыз қаржылық/ материалдық/ демеушілік көмек</p> <p>бенефициар білім беру қызметтерін жеткізуши болып табылмаған жағдайда, бенефициардың оқи</p> <p>акы төлеуге арналған ақшаны одан әрі пайдалануы үшін жеке тұлғалардың ақша аударымдары (ішінде банк шотын ашпай)</p>
119	<p>Басқа да өтеусіз аударымдар,</p> <p>оның ішінде:</p> <p>басқа да мақсаттар (емделу мен оқытудан басқа) үшін қайтарымсыз қаржылық/ материал</p> <p>демеушілік көмек</p> <p>бенефициардың басқа да мақсаттар (емделу мен оқытудан басқа) үшін ақшаны одан әрі пайдал</p> <p>үшін жеке тұлғалардың ақша аударымдары (оның ішінде банк шотын ашпай)</p> <p>зиянды өтеу, оның ішінде сот шешімі бойынша</p> <p>гранттар (оның ішінде тендер бойынша женіп алынғандар)</p> <p>аккредитив, кепілдік шартты, қарызы, басқа да шарт немесе келісімшарт бойынша (бюджетке төле</p> <p>аійппұлдар мен өсімпұлдан басқа) міндеттемелерді орындағаны үшін тұрақсыздық айыбы/ай/</p> <p>/өсімпұл</p> <p>әр түрлі сипаттағы өтеусіз аударымдар: қайырымдылық, сыйға тарту, алименттер, сатылған ло</p> <p>билеттері және олар бойынша ұтыстар</p>
120	<p>Мүшелік жарналар,</p> <p>оның ішінде:</p> <p>ұйымның капиталына қатысады қамтамасыз етпейтін, бірақ ұйымның қандай да бір қызы</p> <p>көрсетуін қамтамасыз ететін мүшелік жарна</p> <p>«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамына төленетін жарна</p> <p>биржадағы шетел валюталары, бағалы қағаздар бойынша сауда-саттыққа қатысуға арналған жар</p> <p>қызметкерлердің жалақысынан ұсталған кәсіподақ жарналары</p>

	130-топ «Филиалдар мен өкілдіктерді каржыландыру және филиалдар мен өкілдіктердің қаражайтаруы»
131	Бас ұйымның өзінің филиалдарын және өкілдіктерін, оның ішінде сатып алуладың барлық тұбойынша каржыландыруы
132	Бас ұйымның филиалдары мен өкілдіктерінің ақша аударымдары/ақша қайтаруы
140	<p>Жол чектері бойынша операциялар,</p> <p>оның ішінде:</p> <p>резидент банктің өз клиенттеріне банкке консигнация талаптарымен (клиенттің банкке консигн талаптарымен келіп түскен жол чегін сатып алуы) келіп түскен жол чектерін сатуы</p> <p>резидент банктің жол чектерінің эмитентіне сатылған жол чектері бойынша ақша сомасын аудары</p> <p>резидент банктің жол чектерінің эмитентіне банк кейіннен клиенттерге сату үшін сатып алған чектері сомасын төлеуі</p> <p>резидент банктің өз клиенттеріне банкке алдын ала төлеу талаптарымен (клиенттің банкке алдын төлеу талаптарымен келіп түскен жол чегін сатып алуы) келіп түскен жол чектерін сатуы</p> <p>резидент банктің банк кассасында клиентке жол чегі бойынша ақша сомасын төлеуі</p> <p>жол чектері эмитентінің резидент банкке сатылған жол чектері бойынша өтеу сомасын аударуы</p> <p>косалқы агенттермен алдын ала шарт бойынша жол чектері бойынша операциялар</p> <p>косалқы агенттермен консигнация шарты бойынша жол чектері бойынша операциялар</p>
150	<p>Банктердің корреспонденттік шоттары бойынша транзиттік аударымдар,</p> <p>оның ішінде:</p> <p>делдал банктің корреспонденттік шоттар бойынша бір банктен екінші банкке ақша аударуы</p>
160	<p>Нетто-позициялар бойынша есеп айрысу,</p> <p>оның ішінде:</p> <p>төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған, операцияларды есепке алу нәтижелері бойынша есеп айрысу ұйымына ақша аудару</p> <p>төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған, операцияларды есепке алу нәтижелері бойынша банктер арасында ақша аудару</p> <p>банктер арасындағы қарсы төлемдер клирингінің нәтижелері бойынша таза позициялар сом аудару</p> <p>170-топ «Конференцияға, аукционға, тендерге қатысу»</p>
171	<p>Кепілдік жарнасы</p> <p>оның ішінде:</p> <p>конференцияға, аукционға, тендерге қатысу үшін жарна</p> <p>конкурстың үйымдастыруышыға конкурстық өтінімдердің және шарттың, оның ішінде мемлекеттік алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін конкурсқа қатысушы - әлеу жеткізушілердің ақша аударуы</p>
871	<p>Сапарлар,</p> <p>оның ішінде:</p> <p>жол жүру (билеттер) құнын қоспағанда, сатып алынған туристік жолдамалардың құны (билеттер тікелей ақы төленген кезде көлік түріне қарай 811, 812, 813, 814 төлемдер мақсаттарының код көрсетіледі)</p> <p>билеттер құнын қоса есептегенде, туристік жолдамалардың құны (олардың ақысы бір тәуекkelік күжатымен төленген жағдайда)</p> <p>саяхат бюроларының және туристік агенттердің қызметтері</p> <p>өкілдік және іссапар шығыстары</p> <p>занды тұлғаның өз қызметкерінің банк шотына не корпоративтік төлем карточкаларын пайдада отырып операцияларды есепке алуға арналған банк шотына кейіннен аудару үшін өкілдік іссапар шығыстарының сомасын банкке аударуы</p>
872	<p>Тұру және тамактану қызметтері үшін төлемдер,</p> <p>оның ішінде:</p> <p>конақүйлердің қызметтері</p> <p>демалыс күндеріне және басқа да қысқамерзімді тұру кезеңдеріне үй-жайларды беру бойынша қызметтер</p> <p>жылжымалы саяжайлар мен тұрғын автотіркемелерге арналған кемпингтердің, тұрақтағы қызметтері</p> <p>мейрамханалар қызметі мен тамақ өнімдерін жеткізу бойынша қызметтер</p> <p>тапсырыс бойынша дайын тағамды жеткізу қызметтері және дайын тағамды жеткізу бойынша қызметтер</p> <p>сузындармен қамтамасыз ету қызметтері</p> <p>занды тұлғаның конақүйде тұру қызметтері үшін жеке тұлғаның пайдасына өтем жасауы</p>
880	<p>Көрсетілмеген қызметтер үшін қаражатты қайтару,</p> <p>оның ішінде:</p> <p>банктер филиалдарының клиенттерден пайдаланылмаған жол чектерінің қалдықтарын сатып алу</p>
890	8-бөлім бойынша басқа да төлемдер,

	оның ішінде:
	8-бөлімнің төлемдері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отыресімделген төлем құжаттары бойынша қаражаттың қайтарылуын қоса алғанда, бұрын ес алынбаған қызметтер бойынша төлемдер
	8-бөлімнің төлемдері бойынша қателесіп есептен шығарылған соманың қайтарылуы
	көрсетілген қызметтер үшін, сондай-ақ қызмет құны азайған жағдайда артық аударылған ақш қайтарылуы
	жеткізушінің шарт талаптарын тиісінше орындағаны үшін қызметтердің ақшасын қайтаруы
9-бөлім «Бюджетке және бюджеттен төленетін төлемдер»	
	910-топ «Жалпыға белгіленген тәртіп»
911	Есептелген (есептеп шығарылған) және бюджетке төленетін өзге міндеттемелер
912	Бюджетке төленетін міндеттемелер бойынша өсімпұлдар
913	Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар
914	Мемлекеттік кіріс органдарының тексеру нәтижелері бойынша бюджетке төленетін міндеттей бойынша түсімдер
915	Мемлекеттік кіріс органдарының тексеру нәтижелері бойынша өсімпұлдар
916	Мемлекеттік кіріс органдарының тексеру нәтижелері бойынша айыппұлдар
917	Салық төлеу мерзімі өзгерген (ұзартылған) кезде бюджетке түсетін түсімдер
918	Салық төлеу мерзімі өзгерген (ұзартылған) кездегі өсімпұлдар
919	Салық төлеу мерзімдерін ұзартқанға дейінгі айыппұлдар
921	Камералдық бақылау нәтижелері бойынша бюджетке міндеттемелер бойынша түсімдер
922	Камералдық бақылау нәтижелері бойынша өсімпұлдар
923	Ұсынылмаған Тауарлар әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініш бойынша өсімпұл ауди
924	Қосылған құн салығының асып кетуіне байланысты қайтарылған сомага есептелген өсімпұл
	960-топ «Бюджеттен қайтару (есепке алу)»
961	Грант қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша төле қосылған құн салығын салық берешегін өтеу есебіне есепке алу
962	Грант қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша төле қосылған құн салығын қайтару
963	Қазақстан Республикасында аккредиттеген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдік қосылған құн салығын қайтару
964	Мемлекеттік кіріс органдарының тексеру нәтижелері бойынша есептелген сомалар бой берешекті өтеу есебіне артық (қателесіп) төленген сомаларды есепке алу
965	Мемлекеттік кіріс органдарының артық қосылған құн салығын қайтару мерзімін бұзғаны үшін с төлеушінің пайдасына жасалатын өсімпұлдар
966	Мемлекеттік кіріс органдарының салықты, төлемді қайтару мерзімін бұзғаны үшін салық төлеу пайдасына жасалатын өсімпұлдар
967	Мемлекеттік кіріс органдарының салықты, төлемді есепке алу мерзімін бұзғаны үшін салық төлеу пайдасына жасалатын өсімпұлдар
968	Салық төлеушінің өсімпұлды қайтаруы
969	Камералдық бақылау нәтижелері бойынша есептелген сомалар бойынша берешекті өтеу есебіне (қателесіп) төленген сомаларды есепке алу
	970-топ «Бюджеттен артық қосылған құн салығын қайтару (есепке алу), төленген сомаларды қайтарулар (есепке алулар)»
971	Бюджеттен артық (қателесіп) төленген сомаларды банк шотына қайтару

972	Нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдар бойынша 2009 жылғы 1 қантарға пайда болған қосылған құн салығын қайтару
973	Есепке алынған қосылған құн салығының 2009 жылғы 1 қантардан кейін пайда болған, есептес алған салық сомасынан асқан соманы есепке алу
974	Есепке алынған қосылған құн салығының 2009 жылғы 1 қантардан кейін пайда болған, есептес алған салық сомасынан асқан соманы қайтару
975	Бір бюджеттік жіктеу кодынан басқа бюджеттік жіктеу кодына есепке алу
976	Бір мемлекеттік кіріс органдынан басқа мемлекеттік кіріс органдына есепке алу
977	Нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдар бойынша 2009 жылғы 1 қантарға пайда болған қосылған құн салығын есепке алу
978	Төленген айыппұл сомасын қайтару
979	Басқалары
991	Жеке тұлға-азаматтардан бюджетке төленетін міндеттемелер бойынша түсімдер
992	Жеке тұлға-азаматтардан бюджетке төленетін міндеттемелер бойынша өсімпұлдар
993	Жеке тұлға-азаматтардан Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін алынған айыппұлдар
994	Жеке тұлға-азаматтардан өткен жылдардың бересін өттеттіру
995	Мемлекеттік кіріс органдары салған әкімшілік айыппұлдар
996	Тауарлар импорты кезінде төленген қосылған құн салығын қайтару
997	Бейрезиденттен жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алу кезінде төленген қосылған құн салығын қайтару
998	Пайдалануға енгізілетін негізгі құрал-жабдықтар, жылжымайтын мұлікке инвестициялар, салынған биологиялық активтер бойынша қосылған құн салығын қайтару

#### Е ск е р т у :

1. Туынды қаржы құралдарымен жасалатын операциялар қаржы мәмілесі жасалатын базалық активтің түріне қарай тиісті бөлімнің төлем мақсатының коды (бұдан әрі – код) көрсетіле отырып коды белгіленеді.

2. «Арнайы аударымдар» 1-бөлімі бойынша.

«Банктердің корреспонденттік шоттары бойынша транзиттік аударымдар» 150 кодын делдал банк көрсетеді. Транзиттік төлемді алған кезде бенефициар банкі Мәліметтерді одан әрі ұсыну үшін мәмілелерге сәйкес келетін экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын көрсетеді. Бенефициар банкі осы төлемнің қажетті деректемелерін клиенттер арасындағы сатылған тауарлар немесе көрсетілген қызметтер үшін ақы төленетін шарт негізінде көрсетеді.

«Аkkредитив бойынша операция» 181 коды эмитент банк аккредитив бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етуге бұйрық беруші клиенттің шотынан аталған банктің шотына ақша сомасын (өтемін) аударған (аккредитивті орындаудың сыйақы сомасын аударуды қоспағанда) кезде, аккредитивті қайтарып алу кезінде ақшаны қайтарған кезде көрсетеді. Кепілдік берілген жағдай басталған кезде гарант банктің клиентке ақша аударуының төлем мақсатына байланысты коды белгіленеді, оның ішінде:

1) эмитент банктің аккредитивтің қолданылу мерзіміне оның басқаруына

берілген аккредитивтің сомасына осы ақшаны аккредитив бойынша төлеу үшін пайдалану ықтималдығы шартымен аккредитив бойынша ақшамен ақы төлеуі (орны жабылған аккредитивтерде);

2) клиенттің ағымдағы шотынан резиденттің немесе бейрезиденттің пайдасына аккредитив бойынша ақы төлеу (орны жабылмаған аккредитивтерде);

3) банктің «Кұжаттандырылған операциялар бойынша дебиторлар» шотынан меншікті қаражаты есебінен аккредитив бойынша ақы төлеу (орны жабылмаған аккредитивтерде ақы төлеу кезінде клиенттің шотында ақшасы болмаған жағдайда);

4) резидент банктің корреспонденттік шотына бейрезидент банктің ақша аударуы.

«Кепілдік бойынша операциялар» 182 коды эмитент банк бұйрық беруші клиенттің шотынан осы банктің шотына кепілдік бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етуге ақша сомасын (өтемін) аударған (кепілдік бойынша сыйақы сомасын аударуды қоспағанда), кепілдікті жою кезінде ақшаны қайтарған кезде көрсетеді. Кепілдік жағдайы басталған кезде кепіл-банктің клиентке ақша аударуының төлем мақсатына байланысты коды белгіленеді.

### 3. «Салымдар (депозиттер)» 3-бөлімі бойынша.

«Салымдар (депозиттер)» 3-бөліміне Төлем мақсаты кодтарының толық кестесінің басқа бөлімдеріне жатқызылған тауарлар, қызметтер, арнайы аударымдар, төлемдер және (немесе) аударымдар үшін өзге адамдарға төлеген төлемдер кірмейді.

Төлем бастамашысында қолма-қол ақшаны банк шотына есепке алу және банк шотынан алу көздері мен мақсаттары туралы ақпарат болған кезде төлем мақсатына сәйкес келетін код көрсетіледі. Аталған ақпарат болмаған жағдайда 311 «Талап еткенге дейінгі салымдарды (банктік салым шарты негізінде ашылған) орналастыру», 331 «Ағымдағы шотқа қолма-қол ақша салу», 321 «Талап еткенге дейінгі салымнан (банктік салым шарты негізінде ашылған) алу», 341 «Ағымдағы шоттардан қолма-қол ақшаны алу» кодтары көрсетіледі.

4. 5 «Қазақстан Республикасының бейрезиденттері шығарған бағалы қағаздар, вексельдер мен депозиттік сертификаттар және шетел капиталына инвестициялар» және 6 «Қазақстан Республикасының резиденттері шығарған бағалы қағаздар мен вексельдер және Қазақстан Республикасы резиденттерінің жарғылық капиталына қатысу» бөлімдері бойынша бейрезидентке бағалы қағаздарды сатуды мәмілеге қатысушы резидент осы бағалы қағаздарды бейрезиденттің сатып алуы ретінде код белгілейді.

5. 7 «Тауарлар және материалдық емес активтер» және 8 «Қызметтер» бөлімдері бойынша.

7 «Тауарлар және материалдық емес активтер» және 8 «Қызметтер»

бөлімдерінде тауарлар мен қызметтердің түрлері «Экономикалық қызметтің түрлері бойынша өнімнің жіктеушісі (ЭҚТӨЖ)» ҚР МЖ 04-2008 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісін және Халықаралық валюта қорының ТБН6 (Төлем балансы мен халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі нұсқау, алтыншы басылым) халықаралық әдіснамасын ескере отырып жасалды.

Тауарлар және материалдық емес активтер, қызметтер үшін төлемдерге алдын ала төлем (аванстық төлемдер) кіреді.

7 «Тауарлар және материалдық емес активтер» бөліміне 2 «Шетел валютасымен және бағалы металдармен операциялар» бөліміне жатқызылған бағалы м е т а л д а р к і р м е й д і .

«Өндірілмеген қаржылық емес активтерді сатып алу» 730 коды мына:

1) жер және оның қойнауы, оның ішінде жер қойнауын тұрақты пайдалану  
кұқығы ү ш і н төлемдер ;

2) тауарлар өндіру және қызмет көрсету үшін пайдаланылатын материалдық активтер, алайда, олар өндіріс нәтижесі болып табылмайды;

3) меншікке сатып алынған материалдық емес активтер (оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету, патенттер, гудвилл, сауда маркалары, тауар белгілері) үшін төлемдер кезінде көрсетіледі. Материалдық емес активтерді пайдалану құқығын алу «Зияткерлік меншік құқығын пайдалану үшін төлем» 853 коды б о й ы н ш а көрсетіледі .

Занды тұлғалар электр энергиясын, газды және суды (коммуналдық қызметтер) пайдаланғаны үшін ақы төлеген кезде «Жылжымайтын мұлікті және 711, 712 және 713 төлем мақсатының кодтары бар тауарларды қоспағанда, тауарлар үшін төлемдер» 710 коды қойылады.

6. «Бюджетке төлемдер және бюджеттен төлеу».

Бұл бөлімге мемлекеттік бюджетке төлемдер және мемлекеттік бюджеттен төлемдерді қайтару (зейнетақылар мен жәрдемақыларды қоспағанда) бойынша к о д т а р к і р е д і .

911 коды 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген есептелген (есептеп шығарылған) және өзге де бюджетке міндеттемелерді (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоспағанда) аударған кезде қойылады. Оған мемлекеттік кіріс органдары тексерулерінің нәтижелері бойынша бюджетке міндеттемелер бойынша; салық төлеу мерзімдері өзгергенде (ұзартылғанда), камералдық бақылау нәтижелері бойынша бюджетке міндеттемелер бойынша төленетін сомалар жатпайды.

912 коды салықтарды, бюджетке төленетін міндетті және өзге де төлемдерді төлеу мерзімдерін бұзғаны үшін бюджетке міндеттемелер бойынша өсімпұлдың

есептелген сомасын төлөген кезде қойылады. Оған мемлекеттік кіріс органдары тексерулерінің нәтижелері бойынша есептелген; салық төлеу мерзімдері өзгерген (ұзартылған) кезде есептелген, камералдық бақылау нәтижелері бойынша есептелген                    өсімпүл                    сомалары                    жатпайды.

913 коды 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс) сәйкес есептелген әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын айыппұл сомаларын төлеген кезде қойылады. Оған мемлекеттік кіріс органдары тексерулерінің нәтижелері бойынша салынатын; салықтарды төлеу мерзімдері ұзартылғанға дейін салынған айыппұл сомалары жатпайды.

914 коды мемлекеттік кіріс органдары тексерулерінің нәтижелері бойынша есептелген сомалар туралы хабарлама негізінде төлеуге ұсынылған салықтардың, бюджетке басқа міндettі және өзге төлемдердің сомаларын (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоспағанда) аударған кезде қойылады.

916 коды мемлекеттік кіріс органдары тексерулерінің нәтижелері бойынша салынатын айыппұл сомаларын төлеген кезде қойылады. Оған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін салынатын (мемлекеттік кіріс органдары тексерулерінің нәтижелері бойынша салынатын салықтарды қоспағанда), салықтарды төлеу мерзімдері ұзартылғанға дейін салынған айыппұл сомалары жатпайды.

917 коды төлеу мерзімі өзгертілген (ұзартылған) салықтар сомасын бюджетке  
төлең кезде қойылады.

918 коды салықтарды төлеу мерзімдері өзгерген (ұзартылған) кезде есептелген өсімпұл сомаларын төлеген кезде қойылады. Оған салықтарды төлеу мерзімдерін бұзғаны үшін бюджетке міндеттемелер бойынша есептелген; мемлекеттік кіріс органдары тексерулерінің нәтижелері бойынша есептелген; камералдық бақылау нәтижелері бойынша есептелген өсімпұл сомалары жатпайды.

919 коды салықтарды төлеу мерзімдері ұзартылғанға дейін салынған айыппұлдардың сомалары төленген кезде қойылады. Оған салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салынатын, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес есептелген, мемлекеттік кіріс органдары тексерулерінің нәтижелері бойынша салынатын айыппул сомалары жатпайды.

921 коды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған

бұзушылықтарды жою туралы хабарлама негізінде төлеуге ұсынылған салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті және өзге төлемдердің (өсімпүлды қоспағанда) сомаларын аударған кезде қойылады.

922 коды камералдық бақылау нәтижелері бойынша есептелген өсімпұл сомаларын төлеген кезде қойылады. Оған бюджетке міндеттемелер бойынша есептелген; салықтарды төлеу мерзімдері өзгерген (ұзартылған) кезде есептелген ; мемлекеттік кіріс органдары тексерулерінің нәтижелері бойынша есептелген өсімпұл сомалары жатпайды.

924 коды қосылған құн салығының асып кетуінің қайтарылған, мемлекеттік кіріс органдары тексеру жүргізу кезінде расталмаған сомаға есептелген өсімпұлды аудару кезінде қойылады.

968 коды салық төлеушілерге бюджетке міндеттемелер бойынша өсімпүлдардың артық немесе қателесіп төленген сомасын қайтару кезінде қ о й ы л а д ы .

971 коды бюджеттен артық (қателесіп) төленген салық сомаларын, басқа да міндетті және өзге төлемдерді салық төлеушінің банк шотына қайтару кезінде

975 коды бюджетке төленетін соманы артық немесе қателесіп төлеген, салық сомалары мен бюджетке өзге міндеттемелерді бюджеттік жіктеуіштің бір кодынан бюджеттік жіктеуіштің баска кодына аударған кезде қойылады.

976 коды салықтар, бюджетке басқа да міндетті және өзге төлемдерді басқа мемлекеттік кіріс органдарына қате есептеген кезде, басқа мемлекеттік кіріс органдарына артық немесе қате төленген салықты және төлемді аударған кезде к о й ы л а д ы .

978 коды салық төлеушілерге бюджетке міндеттемелер бойынша төленген айыппұл сомасын қайтарған кезде қойылады.

979 коды басқа да төлемдер, оның ішінде ресми трансфертер (субвенциялар, бюджеттен алу және басқалары) және қарыздарды қайтару үшін қойылады.

991 коды резидент жеке тұлғалар салық сомаларын, бюджетке басқа да міндетті және өзге төлемдерді (өсімпұлдар мен айыппұлдар сомаларын қоспағанда) аудару кезінде қойылады.

992 коды азамат жеке тұлғалар бюджетке міндеттемелерді уақтылы өтемегені үшін есептелген өсімпұл сомаларын төлеу кезінде қойылады.

993 коды азамат жеке тұлғалар Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы  
Кодекске сәйкес есептелген әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын  
айыппұлдар сомаларын төлеу кезінде қойылады.

995 коды әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін мемлекеттік кіріс органдары салған, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекске сәйкес есептелген айыппулдар сомаларын төлеу кезінде қойылады.

Экономика секторларының кодтарын  
қолдану мен төлемдер тағайындау  
және соларға сәйкес төлемдер бойынша  
мәліметтер ұсыну қағидаларына  
3-қосымша

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. З-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарына сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер»

Есепті кезең: 20 жылғы

Индекс: 1-KNP

## Кезеңділігі: ай сайынғы

Ұсынатындар: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық), екінші деңгейдегі банктер және «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – банктер), «Қазпочта» акционерлік қоғамы, бас банктің төлемдер мен ақша аударымдарын, оның ішінде еншілес банктің корреспонденттік шотын пайдалана отырып депозиторлардың бас банкке «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген банк шоттары бойынша жүзеге асыруымен байланысты аударым операцияларын Ұлттық Банктің лицензиясынсыз жүзеге асыратын, бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (бұдан әрі – бұрын еншілес банк болған заңды тұлға) (бұдан әрі – өкіл)

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімдері: есепті айдан кейінгі айдың онына дейін (қоса алғанда) ай сайын

## Нысан

(өкілдің атауы)

Төлем жүргізу ортасы	Ақша аудару жүйесінің атауы	Төлем белгісі	Алушы банктің БСК, алушы банк клиентінің ЖСК	Бенефициар банктің БСК, бенефициар банк клиентінің ЖСК	Ақша жөнелтуші		Бенефициар		Төлем белгілі коды
					Резиденттік белгісі	Экономика секторы	Елі	Резиденттік белгісі	Экономика секторы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Бірінші басшы (ол болмаған кезенде - оның орындағы адам)

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Орындаушы \_\_\_\_\_

лауазымы тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы телефон нөмірі

Есепке қол қойылған күн: 20 \_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Мөр орны (бар болса)

Ескертпе: нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

«Экономика	секторларының	және	
төлемдер	белгілеу	кодтарына	сәйкес
төлемдер	бойынша	мәліметтер»	
әкімшілік	деректерін	жинауға	
арналған нысанға қосымша			

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

«Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарына сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер»

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) «Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарына сәйкес төлемдер бойынша мәліметтер» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі талаптарды айқындаиды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 26) тармақшасына сәйкес өзірленді.

3. Нысанды Орталық банкаралық ақша аудару жүйесі (бұдан әрі – банкаралық жүйе) және банкаралық клиринг жүйесі арқылы жүргізілген төлемдер бойынша жасайды.

4. Банктер, «Қазпочта» акционерлік қоғамы, бұрын еншілес банк болған заңды тұлға (бұдан әрі – ұйымдар) ұсынатын нысан филиалдарды, және өкілдіктерді ескере отырып толтырылады және төлемдер мен ақша аударымдары жөніндегі ақпараттан тұрады, оның ішінде банк шоттарын ашпастан:

1) Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шоттар арқылы жүргізілген;

2) банкаралық жүйені және банкаралық клиринг жүйесін (бұдан әрі – ақша аудару жүйелері) қоспағанда, төлем жүйелері арқылы және резидент банктердің

және бейрезидент банктердің ностро және лоро корреспонденттік шоттары бойынша, оның ішінде «Қазпочта» акционерлік қоғамы жүзеге асыратын пошталық ақша аударымдары бойынша жүргізілген;

3) ұйым мен оның клиенті арасында немесе ұйымның екі клиенті арасында жүзеге асырылған, оның ішінде «Қазпочта» акционерлік қоғамы жүзеге асыратын пошталық ақша аударымы (бұдан әрі – банк ішлік аударымдар) бойынша.

5. Нысан тенгемен толтырылады. Егер төлем және ақша аударымы шетел валютасымен жасалған жағдайда, ол бойынша мәліметтер төлемді жүргізу сәтіндегі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша тенгеге қайта есептеліп ұсынылады.

## 2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. Орталық беретін нысан төлем және/немесе ақша аударымы туралы мынадай ақпарат кіретін 16 бағаннан тұрады:

1) 1-бағанда төлем жүргізу ортасына сәйкес келетін белгі (бұдан әрі – төлем жүргізу ортасының белгісі) көрсетіледі:

01 – банкаралық жүйе;

02 – банкаралық клиринг жүйесі;

2) 2 және 3-бағандар толтырылмайды;

3) 4-бағанда алушы банктің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі, алушы банк клиентінің жеке сәйкестендіру коды толтырылмайды;

4) 5-бағанда бенефициар банктің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі, бенефициар банк клиентінің жеке сәйкестендіру коды толтырылмайды;

5) 6-бағанда ақша жіберушінің резиденттік белгісі көрсетіледі;

6) 7-бағанда ақша жіберуші экономикасы секторының коды көрсетіледі;

7) 8 және 11-бағандарда «KZ» көрсетіледі;

8) 9-бағанда бенефициар резиденттігінің белгісі көрсетіледі;

9) 10-бағанда бенефициар экономикасы секторының коды көрсетіледі;

10) 12-бағанда төлем белгілеу коды көрсетіледі;

11) 13-бағанда есепті кезеңдегі төлемдер және/немесе ақша аударымдары саны көрсетіледі. Бір төлемді көрсеткен кезде баған 1 мәнді қабылдайды. Жаңа төлемнің өлшемдері 1, 4 - 12, 15 және 16-бағандардағы бұрыннан бар өлшемдермен сәйкес келген жағдайда, осы бағандағы мән 1-ге ұлғайтылады, ал 14-бағандағы мән жаңа төлемнің сомасына ұлғайтылады;

12) 14-бағанда төлемдердің және/немесе ақша аударымдарының сомасы теңгемен, үтірден кейін екі белгіге дейін көрсетіледі;

13) 15-бағанда «KZT» көрсетіледі;

14) 16-бағанда 8-тармақта көзделген төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру тәсілдері белгілерінің бірі көрсетіледі: 01; 02; 03; 04; 05; 06; 07; 08;

0 9 ; 1 0 ; 1 1 ; 1 7 ; 1 8 ; 1 9 .

7. Ұйымдар ұсынатын нысан төлем және/немесе ақша аударымы туралы мынадай ақпаратты қамтитын 16 бағаннан тұрады:

1) 1-бағанда төлем жүргізу ортасының белгісі көрсетіледі:

03 - Ұлттық Банктегі корреспонденттік шот;

04 - Қазақстан Республикасы аумағындағы ақша аудару жүйесі;

05 - шет елге/шет елден ақша аударулар жүйесі;

06 - Ұлттық Банктегі корреспонденттік шотты қоспағанда, Қазақстан Республикасы шегіндегі ностро және лоро корреспонденттік шоттары;

07 - Ұлттық Банктегі корреспонденттік шотты есептемегенде шет елге/шет елден ностро және лоро корреспонденттік шоттары;

08 - банкішілік аударымдар.

2) 2-бағанда төлем немесе ақша аударымы жүргізілетін ақша аудару жүйесінің атауы көрсетіледі;

3) 3-бағанда төлем немесе ақша аударымы түрлеріне сәйкес келетін белгі (бұдан әрі – төлем белгісі) көрсетіледі:

01 - Нысанды беретін ұйым ақша аудару жүйелері, корреспонденттік шоттар арқылы жіберген төлем немесе ақша аударымы;

02 - Нысанды беретін ұйым ақша аудару жүйелері мен корреспонденттік шоттар арқылы алған төлем немесе ақша аударымы;

03 - Нысанды беретін ұйым ностро корреспонденттік шоты арқылы жіберген төлем немесе ақша аударымы;

04 – Нысанды беретін ұйым ностро корреспонденттік шоты арқылы алған төлем немесе ақша аударымы;

05 - Нысанды беретін ұйым лоро корреспонденттік шоты арқылы жіберген төлем немесе ақша аударымы;

06 - Нысанды беретін ұйым лоро корреспонденттік шоты арқылы алған төлем немесе ақша аударымы;

07 - Нысанды беретін ұйымының ностро корреспонденттік шотынан ақшаны басқа да есептен шығаруы;

08 - Нысанды беретін ұйымының ностро корреспонденттік шотына ақшаны басқа да есептейі;

09 - Нысанды беретін ұйымының лоро корреспонденттік шотынан ақшаны басқа да есептен шығаруы;

10 - Нысанды беретін ұйымының лоро корреспонденттік шотына ақшаны басқа да есептейі;

11 - банкішілік аударым. Нысанды беретін ұйым әрі алушы банк, әрі бенефициар банк болып табылады.

Төлемнің «01» және «02» белгілері төлем жүргізу ортасының «04», «05»

белгілері бойынша толтырылады. Төлемнің «03» - «10» белгілері төлем жүргізу ортасының «03», «06», «07» белгілері бойынша толтырылады. Төлемнің «11» белгісі төлем жүргізу ортасының «08» белгісі бойынша толтырылады;

4) 4-бағанда банктер, «Қазпочта» акционерлік қоғамы және бұрын еншілес банк болған заңды тұлға алушы банктің банктік сәйкестендіру кодын көрсетеді. Алушы банк клиентінің жеке сәйкестендіру коды толтырылмайды.

Ұлттық Банк Нысанды қалыптастыру кезінде банкішілік аударым жүргізген жағдайда алушы банктің банктік сәйкестендіру кодын және алушы банк клиентінің жеке сәйкестендіру кодын көрсетеді, өзге төлемдер және/немесе ақша аударымдары бойынша алушы банктің банктік сәйкестендіру коды ғана көрсетіледі.

Нысанды беретін қаржы ұйымы шет елден алған төлем немесе ақша аударымы бойынша Қазақстан Республикасының резидент емесі болып табылатын алушы банктің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі.

Төлем жүргізу ортасының «04» және «05» белгілері бойынша соның негізінде төлем немесе ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда Қазақстан Республикасының резидент емесі болып табылатын алушы банктің банктік сәйкестендіру коды болмаған кезде Нысанның 4-бағаны толтырылмайды.

5) 5-бағанда банктер, «Қазпочта» акционерлік қоғамы және бұрын еншілес банк болған заңды тұлға бенефициар банктің банктік сәйкестендіру кодын көрсетеді. Бенефициар банк клиентінің жеке сәйкестендіру коды толтырылмайды

Ұлттық Банк Нысанды қалыптастыру кезінде банкішілік аударым жүргізген жағдайда бенефициар банктің банктік сәйкестендіру кодын және бенефициар банк клиентінің жеке сәйкестендіру кодын көрсетеді, өзге төлемдер және/немесе ақша аударымдары бойынша бенефициар банктің банктік сәйкестендіру коды ғана көрсетіледі ;

Нысанды беретін ұйым шет елге жіберген төлем немесе ақша аударымы бойынша Қазақстан Республикасының бей резиденті болып табылатын бенефициар банктің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі.

Төлем жүргізу ортасының «04» және «05» белгілері бойынша соның негізінде төлем немесе ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда Қазақстан Республикасының резидент емесі болып табылатын бенефициар банктің банктік сәйкестендіру коды болмаған жағдайда Нысанның 5-бағаны толтырылмайды;

6) 6-бағанда ақша жіберушінің резиденттік белгісі көрсетіледі.

Ұйым алған төлем немесе ақша аударымы бойынша төлем жүргізу ортасының «04» және «05» белгілері бойынша соның негізінде төлем немесе ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда ақша жіберушінің резиденттігі туралы ақпарат болмаған жағдайда Нысанның 6-бағаны толтырылмайды;

7) 7-бағанда ақша жіберуші экономикасы секторының коды көрсетіледі.

Үйым алған төлем немесе ақша аударымы бойынша төлем жүргізу ортасының «04» және «05» белгілері бойынша соның негізінде төлем немесе ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда ақша жіберушінің экономикасының секторы туралы ақпарат болмаған жағдайда Нысанның 7-бағаны

толтырылмайды;

8) 8-бағанда төлем немесе ақша аударымы жүргізілген елдің (төлем немесе ақша аударымы жіберілген, бастапқы ақша жөнелтушінің банк шоты ашылған ел не ақша аударымын банк шотын ашпай жүргізген жағдайда ақша жөнелтуші ақша аударған ел) екі мәнді коды көрсетіледі.

11-бағанда төлем немесе ақша аударымы жіберілген елдің (ақша аударылған, соңғы бенефициардың банк шоты ашылған ел не ақша аударымын банк шотын ашпай жүргізген жағдайда бенефициар ақша алған ел) екі мәнді коды көрсетіледі.

Елдің коды КР ҰЖ 06 ИСО 3166.1-2013 «Елдердің аттары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлік. Елдердің кодтары» деген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі.

Халықаралық қаржы ұйымдары бойынша төлемді немесе ақша аударымын көрсеткен кезде «Халықаралық қаржы ұйымдары» ZZ коды көрсетіледі.

04, 06 және 08 төлем жүргізу ортасының белгілері бойынша 8 және 11 бағандарда KZ (төлемдер немесе ақша аударымдары Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі) көрсетіледі.

05 төлем жүргізу ортасының белгісі бойынша (шетелге/шетелден ақша аударым да

жүйесі):

Үйым жіберген төлемдер немесе ақша аударымдары және басқа да ұйымның ақшасын есептен шығарулар (01, 03, 05, 07 және 09 төлем белгілері) бойынша 8-бағанда KZ көрсетіледі;

Үйым қабылдаған төлемдер немесе ақша аударымдары және басқа да ұйым ақшасының есептеулері (02, 04, 06, 08 және 10 төлем белгілері) бойынша 11-бағанда KZ көрсетіледі.

9) 9-бағанда бенефициардың резиденттік белгісі көрсетіледі.

Үйым жіберген төлемдер бойынша төлем жүргізу ортасының «04» және «05» белгілері бойынша соның негізінде төлем немесе ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда бенефициардың резиденттігі туралы ақпарат болмаған жағдайда 9-баған толтырылмайды;

10) 10-бағанда бенефициар экономикасы секторының коды көрсетіледі.

Үйым жіберген төлем немесе ақша аударымы бойынша төлем жүргізу ортасының «04» және «05» белгілері бойынша соның негізінде төлем немесе ақша аударымы жүзеге асырылатын құжаттарда бенефициар экономикасының

секторы туралы ақпарат болмаған жағдайда 10-баған толтырылмайды;

11) 12-бағанда төлем белгілеу коды көрсетіледі. Ностро немесе лоро корреспонденттік шоты бойынша шет елден келіп түскен төлемді немесе ақша аударымын көрсеткен кезде 6, 7 және 12-бағандарды Нысанды беретін ұйым корреспондент банктің төлем құжаттарының және төлем немесе ақша аударымы үшін негіздеме болып табылатын өзге құжаттардың негізінде толтырады;

12) 13-бағанда есепті кезеңдегі төлемдердің және/немесе ақша аударымдарының саны көрсетіледі. Бір төлемді көрсеткен кезде баған 1 мәнін қабылдайды. Жаңа төлемнің өлшемдері 1 - 12, 15 және 16-бағандардағы бұрыннан бар өлшемдермен сәйкес келген жағдайда, осы бағандағы мән 1-ге ұлғайтылады, ал 14-бағандағы мән жаңа төлемнің сомасына ұлғайтылады;

13) 14-бағанда төлемдердің және/немесе ақша аударымдарының сомасы теңгемен, үтірден кейін екі белгіге дейін көрсетіледі;

14) 15-бағанда төлем валютасының ұш мәнді коды КР ҰЖ 07 ИСО 4217 2012 «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі;

15) 16-бағанда жіберілген төлем немесе ақша аударымы бойынша осы 8-тармақта көзделген төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру тәсілдерінің мынадай белгілерінің бірі көрсетіледі: 01; 02; 03; 04; 05; 06; 07; 08; 09; 10; 11; 12; 1 7 ; 1 8 ; 1 9 .

Алынған төлем немесе ақша аударымы бойынша «20» белгісі көрсетіледі.

8. Ақша төлемі және аударымдарын жүзеге асыру тәсілінің белгісі ақша төлемін және аударымдарын жүзеге асырудың мынадай қолданылған тәсілдеріне бағындырылады:

а й қ ы н д а л а д ы :

01 - төлем тапсырмасын ұсыну (клиенттердің және қаржы ұйымының төлем тапсырмалары, сондай-ақ бағалы қағаздар үшін есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде бастама жасаған төлем тапсырмалары орындалған жағдайда көрсетіледі);

02 - төлемдік талап-тапсырманы ұсыну;

03, 04, 05, 07, және 09 – операциялар түрлердің кодтарды көрсету «Төлем тапсырмаларды, төлемдік талап-тапсырмаларды, инкассалық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 25 сәуірдегі № 179 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1155 тіркелген) белгіленген талаптарына сәйкес қолданылады;

06 - тауарлар немесе қызмет көрсетулер үшін чектерді, жол чектерін беру (чек ұстаушыға тауарлар немесе қызмет көрсетулер үшін чектер төленген жағдайда, сондай-ақ, қолма-қол ақша алуға арналған чектерді қоспағанда, жол чектері төленуге қабылданған жағдайда көрсетіледі);

08 - төлем хабарламасын ұсыну;

10 - атқару парактарының негізінде инкассалық өкімді ұсыну;

11 - банк шотын тікелей дебеттеу (банк шотын тікелей дебеттеу арқылы бенефициардың пайdasына ақша алуға ақша жіберушінің алдын ала келісімі болған жағдайда банк шотын тікелей дебеттеу шартына, банк заемы шартына, банк шоты шартына және басқа құжаттарға сәйкес жүзеге асырылған төлемдер орындалған жағдайда көрсетіледі);

12 - төлем ордерін ұсыну;

17 - пошталық ақша аударымдары;

18 - банкоматтар арқылы салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу;

19 - ақша төлемі немесе аударымдарын жүзеге асырудың өзге де тәсілдері.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының

1999 жылғы 15 қарашадағы N 388

қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының

мемлекеттік жіктеушісін -

төлем белгілеудің бірыңғай

жіктеушісін қолдану ережесіне

N 4 қосымша

Ескерту: N 4 қосымша алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 16 ақпандагы N 49 қаулысымен.